



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĠY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANĠAZIN ATYNDAĠY
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĠYNA ARNALĠAN ALTYN SARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joġarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ġylymı-praktikalyq konferensiasynyň

MATERIALDARY

I KİTAP



I КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanai q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 395 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

қанағат және қуаныш аламыз деп ойлайды, алайда бұл қуаныш олардың өздерінде жасырынып жатқан өлшеусіз қуаныштың кішкентай ғана сәулесі, яғни уақытша екенін, сезіне бермейді. Адам, артынан не болатынын арбынан түсінеді. Адам тек қиындыққа тап болған кезде ғана қиналып, ойланады. Қиналған кезде оның жаны тазарады. Адам баласы ақыл мен жүрек қосылғанда ғана эмоцияға берілмей, өз сезімін бағындыра алады. Сөйтіп саналы түрде жақсы мен жаманды ажырата алатын деңгейге жетеді. Сосын ар-ұзданына сүйеніп, шабытпен, интуиция арқылы ең жоғарғы, рухани деңгейге жете алады. «Өзін-өзі тану» бағдарламасының негізгі мақсаты да осы. Адамның қоршаған ортаны танып, өзінің ішкі жан дүниесіне үңіле қарап, өзін-өзі басқару негізінде рухани-адамгершілік әлеуетті көтеру болып табылады. Және бүгінгі таңда жас ұрпақты рухани адамгершілік білімнің нәрімен сусындатып, әр баланың, әр адамның жүрегіне ізгілік нұрын кұйып, тәрбие саласында қызмет етіп жүргеніме өзімді бақытты сезінемін. Тұлғаның үйлесімді дамуының этижесінде бүгінгі күнді ғана емес, болашағын сәулелі күйде елестетіп, алға ұмтылатын, арманшыл, қиялы асқақ, рухы биік азамат тәрбиелеуге болады. Өзін-өзі тани отырып әр баланы керемет рухани күш иесі деп қарап, демеу жасасақ, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұрған мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, өз жерін, өз тілін, өз отбасын сүйетін, еңбекқор, адал адам тәрбиелейтініміз сөзсіз.[5]

Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып тұр. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Қазақстанның болашағы жасөспірім, жас ұрпақтар біз оларға болашақта үлкен сенім артамыз. Олардың сол сенімді орындауы үшін біз оларға үлкен жол көрсетуіміз керек. Әрбір оқытушы өз ісімен, шеберлігімен оқушыға жеткізе отырып, оны жан – жақты тәрбиелеп санасына құйып отырса, сонда қазақтың туын көкте желбіретіп, биіктерге асқақтатады және де білімді де білікті жастар саны артады деп сенемін.

Әдебиеттер тізімі

1. Төлеубекова Р.К. Жоғары сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда адамгершілікке тәрбиелеудің ғылыми-педагогикалық негіздері. – Алматы, 2001ж
2. Қуанышбаева Ж. Тілдік құндылықтарына байланысты Қазақстан халқының өзін-өзі сәйкестендіруі // Қоғам және дәуір.- 2012.- № 1.- б.37.
3. Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт. Алматы: 2001. – 369 бет.
4. Игенбаева. Б. Қ. Мен – Адаммын, жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту сабақтарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құрал, Алматы – 2000.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН КӘСІБИ ІС-ӘРЕКЕТКЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Сейітқазы Перизат Байтешқызы,
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ п.ғ.д., профессор
Астана қ-сы
Серикбаева Нургуль Бейсембековна,

Аннотация

Кәсіби құзыретті және өз мамандығына сай білім, іскерлік, дағдыны толық игерген болашақ маманды жоғары оқу орны жағдайында даярлап шығу бүгінгі күннің өзекті мәселесі саналады. Ғылыми мақала жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттарын нақтылауға арналған.

Аннотация

Актуальной проблемой сегодняшнего дня является подготовка будущего специалиста в условиях высшего учебного заведения, обладающего профессиональными компетенциями, умениями соответствующей своей профессии. Научная статья посвящена конкретизации педагогических условий подготовки студентов вуза к профессиональной деятельности.

Abstract

The actual problem of today is the training of the future specialist in the conditions of higher educational institution with professional competence corresponding to their profession. The scientific article is devoted to the specification of pedagogical conditions of preparation of students to professional activity.

Түйінді сөздер: *кәсіби іс-әрекетке даярлау, ақпараттық технология, кредиттік-модульдік технология, оқытудың белсенді әдістері, әлеуметтік-психологиялық тренингтер.*

Ключевые слова: *подготовка к профессиональной деятельности, информационные технологии, кредитно-модульные технологии, активные методы обучения, социально-психологические тренинги.*

Keywords: *training for professional activity, information technologies, credit-modular technologies, active teaching methods, social and psychological trainings.*

Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлау, сондай-ақ білім беру саласының сапалық көрсеткішін жоғарылату мәселелері еліміздің бірқатар маңызды мемлекеттік құжаттары мен ғылымға қатысты заң актілерінде көрініс тапты. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында: «Ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыруымыз қажет» деген нақты тапсырма жүктеді [1].

Еліміздің «Білім туралы» Заңында жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың негізгі шарттары ретінде – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын, кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық технологияларды енгізу және оны тиімді пайдаланудың қажеттігі атап өтілген [2].

Еліміздегі жоғары оқу орындары әлемдік тәжірибе мен ұлттық практика негізінде дайындалған Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай жұмыс істейді. Аталған құжаттар жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың басты мақсаты – еліміздің әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсенді қатысуға дайын, кәсіби құзыретті тұлғаның қалыптасуына ықпал ету деп көрсетілген. Болашақ кәсіби маман жоғары оқу орны қабырғасынан бастап, интеллектуалдық – әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашылық әлеуеті дамыған, алынған білімдері мен іскерлік, дағдыларын іс-жүзінде, қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуде қолдана алатын құзыретті жеке тұлғаға айналуы тиіс.

Кәсіби тұрғыда жан-жақты қалыптасқан болашақ маманды даярлаудың маңызды шарты - жоғары оқу орнында оның кәсіби маман ретінде қалыптасуы үшін барлық жағдайды жасау болып табылады. Жоғары оқу орнының кәсіби маман даярлау сапасы да бірқатар шарттарға тәуелді екендігін ескеру қажет. Мәселен, еліміздегі кез-келген жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісі білім туралы заңдарға, жалпыға міндетті кәсіби білім беру стандартына, оқу бағдарламасының мазмұны мен оқыту жоспарының жүйелілігіне тәуелді. Сондай-ақ, жоғары оқу орнының дережесіне оның материалдық және техникалық базасының қамтамасыз етілу деңгейі; оқыту жүйесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен болашақ маман тұлғасына қойылатын ішкі талаптары; оқулықтар мен оқу материалдары, электрондық оқу құралдарымен студенттердің қамтамасыз етілу деңгейі; жоғары білім беретін оқытушылардың біліктілігі мен құзыреттілігі, студентке деген көзқарасы мен қарым-қатынасы және т.б. маңызды факторлар ықпал жасайды. Осы маңызды факторларды ескере келе, біз жоғары оқу орны жағдайында студенттерді кәсіби іс-әрекетке даярлаудың бірқатар педагогикалық шарттарын нақтылап өтуді жөн санадық. Сонымен, кәсіби маман даярлаудың негізгі педагогикалық шарттарына келісілер жатады:

1. Кәсіби маман даярлауда кредиттік, қашықтықтан оқыту мен ақпараттық технологиялардың барлық мүмкіндіктерін пайдалану.

Кредиттік-модульдік технология студенттердің және оқытушылардың академиялық алмасуына қажетті шарттарды жүзеге асыратын бірыңғай өзара сынақтың халықаралық жүйесін құру мақсатында ұлттық білім беру жүйесін реформалаудан тұратын әлемдік беталыстан туындаған технология [3, б. 294].

Балон декларациясына сәйкес жоғары оқу орнында қолданылатын кредиттік-модульдік оқыту технологиясы еліміздегі ұлттық білім берудің оқу бағдарламаларын халықаралық деңгейде тануға, жоғары оқу орнының студенттері мен оқытушыларының ұтқырлығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастыруға мүмкіндіктер жасайды. Кредиттік және ақпараттық технология студентке жеке бағдарлама бойынша өз бетімен жұмыс жасауға, өзбетімен кәсіби білімдер мен іскерліктерді игеруге мүмкіндіктер береді. Әр студенттің жеке жоспармен білім алуына жағдай жасап, жеке бас ерекшелігі мен қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Оқыту жүйесінде білім алушылардың өздік жұмысы оқу бағдарламасының барлық көлемінің үштен екі бөлігін құрайды. Сонымен қатар, жаңа заңнама бойынша 2019 жылдың қаңтар айынан бастап, еліміздегі сырттай оқыту формасы тоқтатылып, қашықтықтан оқыту жүйесі енгізілді. Кез-келген жоғары оқу орны кәсіби маман даярлауда кредиттік оқыту жүйесінің артықшылықтарын, қашықтықтан оқыту мен ақпараттық технологиялардың тиімді мүмкіндіктерін жүзеге асырып, құзыретті маман даярлауда пайдалана алуы тиіс.

2. Студенттердің бойында өзі таңдаған мамандығына деген мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру.

Кез-келген жоғары оқу орны студенттердің оқуға, өзі таңдаған мамандығына деген мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыруға аса мән беруі қажет. Алға қойылған мақсатты іс-әрекеттің мотиві болуы маңызды құбылыс. Мотив болса студенттің алдына қойылған міндеттерді орындауға деген талпынысы пайда болады, нәтижесінде, ол оның мұқтажына айналады. Іс-әрекет процесінде адамның алдында бір ғана мақсат тұрмайды, бір-біріне байланысты мақсаттардың бүтін бір жүйесі тұрады. Сол сияқты іс-әрекет мотивтері де таяу, қысқа және алыс мотивтер болып бөлінеді. Адамның мотиві мен құндылық бағдарлары өте тығыз байланыста болады. Оның негізгі атқаратын қызметі - адамның мақсаты мен іс-әрекетін дұрыс жолға қойып, оның орындалуын бақылаудан тұрады. Өзінің таңдаған мамандығына деген мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру және қызығушылығын ояту кәсіби маманды даярлап шығудың маңызды алғышарты саналады.

Жоғары оқу орнындағы оқыту жүйесі жеке тұлғаға бағдарланады десек, аудиторияларда студентке оқу курсы менгеруге тиімді жағдай жасау үшін келесі талаптардың орындалуы қажет етіледі:

- Студент өзін қолайлы және еркін сезінетіндей жағдай жасау, оның бойында оқуға қызығушылықты оята біліп, теориялық білімді практикалық тұрғыда қолдана алуға деген қажеттілік пен оқуға деген мотивацияны туғызу.

- Студенттің жеке тұлғасын тұтас қамтып, оның көңіл күйін, сезімін, түйсігін оқу үдерісіне қатыстыра алу, оның нақтылы қажеттіліктерімен санасу, оның тілдік, когнитивті, шығармашылық қабілеттерін ынталандыру.

- Оқу үдерісінде студенттерді басты әрекет етушіге айналдыра отырып, белсенді түрде жұмыс жасауына мүмкіндіктер беру.

3. Жоғары оқу орнында білім алатын әрбір студенттің өз мамандығына қажетті теориялық білім, іскерліктер мен дағдыларды меңгеруі үшін жалпы білімдік, базалық және элективті пәндерді жүйелі құрастыру және бір-бірімен сабақтастыру.

Болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің ең басты сапасы – кәсіптік білім, іскерлік, дағды және қабілеттілік болып табылады. Кәсіби іс-әрекетті орындауға даярлық, бұл кәсіптік мүмкіндіктер, құрал-жабдықтармен жұмыс істей білу қабілеті, кәсіптік іс-әрекеттің тәсілдері мен технологияларын игеру және т.б. Болашақ маманның кәсіптік даярлығы оның шығармашылық іс-әрекетінен, жаңашыл идеялары мен инновациялық технологиялардан, жеке бастамалары мен кәсіптік қарым-қатынасынан көрінеді [4, б. 89].

Бүгінгі күнде кез-келген жоғары оқу орны жалпыбілімдік және базалық пәндерден бөлек, элективті оқу курстарын өзі құрастыра алу мүмкіндігіне ие. Әр мамандықтың модульдік оқу бағдарламасын құрастыруда жұмыс берушілердің, студенттердің ұсыныстарын ескере келе, кәсіби маман даярлаудың бағдарламасын жасап шыға алады. Жоғары оқу орны осы мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, мамандыққа қажетті құзыреттіліктер мен біліктілікті толық игертуге мүмкіндік беретін жаңа оқу курстарын құрастыруға және олардың оқу-әдістемелік кешендерін даярлауға күш салуы қажет.

4. Оқу-тәрбие үдерісінде практикалық дайындықтың үздіксіздігін қамтамасыз ету.

Болашақ маман тұлғасының қалыптасуы оның кәсіби іс-әрекетіне байланысты екенін ескерсек, педагогикалық практиканың тигізетін ықпалын түсіну қиын емес. Педагогикалық және өндірістік практика студенттердің болашақ кәсіби іс-әрекетіне барынша жақын жағдайларда өткізіледі. Педагогикалық практика студенттің кәсіби еңбекке деген қығушылығын оятады және сол арқылы практикалық іс-әрекетке деген саналы қажеттілігінің дамуына серпін береді.

Жоғары оқу орнындағы студенттер кәсіптік даярлауда келесі кәсіби іс-тәжірибелерден өтеді: «Оқу-тәрбие» іс-тәжірибесі; «Педагогикалық» іс-тәжірибесі; «Өндірістік» іс-тәжірибесі; «Дипломалды» іс-тәжірибесі. Практикадан өту барысында студенттердің кәсіби қалыптасуы және өзін-өзі анықтау үдерісі белсенді түрде жүзеге асып, теориялық білімдер мен практикалық іскерліктерге деген қажеттіліктері айқын көрінеді. Кәсіби маман даярлауда оқу үдерісі мен кәсіби практиканы сабақтастыра алған және оқу-тәрбие практикасын үздіксіз түрде ұйымдастырған жоғары оқу орны кәсіби жан-жақты қалыптасқан тұлғаны дайындауға мүмкіндік алады.

5. Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлау барысында инновациялық педагогикалық технологияларды қолдану.

Оқытудың технологиялары жүзеге асатын мақсаттардың алдын-ала ойластырылған нақты жобасы, яғни педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жолы. Педагогикалық технология В.П.Беспальконың сөзімен айтқанда: «оқу-тәрбие үдерісінің алдын-ала жүйелі түрде жоспарлануы және оның жүзеге асу жобасы» [5, б. 9].

Болашақ маманды даярлауда әсіресе оқытудың технологиялары (дамыта оқыту, деңгейлеп оқыту, саралап оқыту және т.б) мен ақпараттық технологияларды жан-жақты пайдалануды жүзеге асыру жоғары нәтижелерге жетуге жол ашады. Болашақ маман иелерінің бойында білімділік, іскерлік, кәсібилік қасиеттерін сіңіруде жаңа технологияны қолданудың ролі зор. Сонымен қатар технологияны тиімді пайдалана білу оқытушының шеберлігі мен іскерлігін шыңдауға әсерін тигізеді. Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үдерісінде әр пәнді оқытудың технологиясы мен әдістемесіне қойылатын талаптарды ескеру, әрбір практикалық сабақ пен дәрісті студентке мазмұнды, әрі түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді.

6. Болашақ маманды кәсіби даярлау үдерісінде оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін пайдалану.

Студенттерді кәсіби тұрғыда даярлау үдерісі оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін жүйелі түрде, өзара сабақтастыра отырып пайдалануды қажет етеді. Репродуктивті сипаттағы әдістер студенттерге ақпаратты қабылдауға және есте сақтауға көмектеседі, практикалық жұмыста іскерліктер мен дағдыны бұрын қабылданған білімдерге сәйкес құруға мүмкіндіктер жасайды [6, б. 19].

Оқытудың белсенді әдістері проблемалық мәселелерді, іскерлік және рөлдік ойындар, топтық пікірталас, миға шабуыл, әлеуметтік-психологиялық тренингтерді қамти отырып, студенттердің белсенді ізденушілік әрекеттерін іске қосады. Оқытудың белсенді әдістері үш ірі топқа жіктеледі: *пікірталас әдістері; ойындық әдістер; сенситивті тренинг*. Психологиялық тренингке өзін-өзі түсіну, коммуникативтік қарым-қатынас, тұлғааралық байланыс, жеке тұлғалық сапаларды дамытатын жаттығулар кіреді. Тренинг бағдарламасы аясында миға шабуыл, іскерлік және рөлдік ойындар, топтық пікірталас, педагогикалық жағдаяттардан шығу сияқты белсенді әдістер қолданылады.

Іскерлік және рөлдік ойындарды оқу-тәрбие жүйесінде пайдаланудың бірқатар психологиялық-педагогикалық қағидалары белгілі, оларға: кәсіби іс-әрекет мазмұнының, өндірістің нақты жағдайлары мен динамикасының имитациялық моделдену қағидасы; құрамында бірнеше қарама-қайшылықтар бар және студенттердің бойында қиналу күйін тудыратын ойын тапсырмаларының жүйесі арқылы осы кәсіби іс-әрекетке тән мәселелік жағдайларды қайта туындату қағидасы; ойында имитацияланатын мамандардың өндірістік қызметтерінің өзара әрекеттесу жағдайындағы қатысушылардың бірлескен іс-әрекеті қағидасы; ойындағы жұптардың диалогы және өзара әрекеттестігі қағидасы; екі жоспарлық қағидасы (эмоционалды ашылу және кәсіби, әлеуметтік құзыреттілікке ие болу) және т.б. жатады.

Жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісінде жоғарыда аталған қағидаларды ескере отырып, оқытудың репродуктивті және белсенді әдістерін әр сабақ барысында қолдануды жүзеге асыру қажет.

7. Профессор-оқытушылар құрамы мен тұтас ұжымның болашақ мамандарды кәсіби тұрғыда даярлауға мақсатты бағыттылығы және келісімін бір арнаға тоғыстыруы.

Жоғары оқу орнына өз пәнін жетік білетін, студенттің шығармашылығы мен дарындылығының дамуына жағдай жасай алатын, тұлғалық-ізгілік бағыттылығы жоғары, психологиялық шеберлік пен өзінің іс-қимылын жүйелілікпен атқаруға қабілетті, оқытудың жаңа технологияларын толық меңгерген және білімдік мониторинг негізінде ақпараттарды тауып, оларды таңдап сараптай алатын, отандық және шетелдік тәжірибелерді шығармашылықпен қолдана білетін кәсіби шебер оқытушылар қажет.

Жоғары оқу орнындағы оқытушы оқу материалын баяндап беруші, талап етуші ғана емес, студенттің өз бетімен іздену білігі мен дағдысын қалыптастырушы, оның іздену-зерттеу жұмысына қамқоршы, жетекші дәрежесіне дейін көтерілуі тиіс [7, б. 3540].

Кафедрадағы әрбір оқытушының мақсат-мүддесі бір арнаға тоғысып, кәсіби маман даярлау ісіне жауаптылықпен қарап, оқу пәндерін бір-бірімен сабақтастықта, байланыста жүргізуі кәсіби маман дайындаудың маңызды қадамы саналады. Бұл жағдай студенттерге оң ықпал етіп, кәсіби тұрғыда ғана емес, тұлға ретінде қалыптасуына да жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, әрбір болашақ маман кәсіптік білімді жоғары оқу орнында меңгереді. Осы жерде өз мамандығына сай кәсіби іс-әрекетті нәтижелі атқаруына қажет болатын кәсіптік білім мен құзыреттілікті игереді. Практикалық іскерліктері мен дағдысы қалыптасады. Болашақ маманның меңгерген білім, іскерлік, дағдысы заман талабына қаншалықты сай келсе, соншалықты деңгейде кәсіптік қызметін сәтті атқарады. Ал, оның болашақта кәсіби маман атануы көп жағдайда жоғары оқу орнында алған теориялық білімі мен практикалық іскерліктеріне байланысты болады. Кәсіби құзыретті, жан-жақты дамыған болашақ маманды қалыптастыруға жоғары оқу орнындағы сапалы білім берудің тұтас жүйесін сақтау және теория мен практиканың сабақтастығы арқылы қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасы (20 мамыр, 2015 жыл) // http://www.inform.kz/kz/ult-zhospary-n-nazarbaevty-n-bes-institucionaldyk-reformasyn-zhuzege-asyrudyn-100-kadamy_a2777949.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III Заңы (21.07.2015 ж берілген өзгерістер мен толықтырулармен) // http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_.
3. Кредиттік оқыту технологиясы шартына сәйкес болашақ мамандардың кәсіптік құзырлығын қалыптастыру: тәжірибесі, мәселелері мен келешегі // III Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Көкшетау, 2011. – 473 б.
4. Равен Дж. Компетентность в современном обществе: выявление, развитие и реализация / пер. с англ.- М., 2002.- 396 с.
5. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивное технологии обучения. – М., 1995.
6. Барсай Б.Т. Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері : автореф. ... пед. ғыл. док. – Шымкент, 2010. - 32 б.

КОГНИТИВНЫЙ СТИЛЬ И ПРОБЛЕМА ИЗУЧЕНИЯ ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКОВ

Смаглий Татьяна Ивановна,
канд. пед. наук, доцент КГПУ,
Силенко Елизавета Андреевна,
бакалавр, магистрант КГПУ,
г.Костанай

Аннотация

Бұл мақалада ересектердің шет тілдерін оқытудағы когнитивті стильдерді түсінуге және пайдалануға жаңа тәсілдердің кейбірі қарастырылады. Мақалада авторлар сияқты соңғы үш жылда танымдық стильдерді оқу қажеттілігі туралы мәселе көтерген кейбір авторлардың ұстанымдары мен тұжырымдары келтірілген. оқыту мен оқу үдерісіне әсер етеді. Зерттеудің дамуы бізге мәселенің жай-күйі маңызды екеніне және оқушылардың танымдық стилін диагностикалауға және одан әрі дамытуға көзқарасты одан әрі зерделеуді талап оның етеді.

Аннотация

В данной статье представлен обзор некоторых исследований нового подхода о понимании и использовании когнитивных стилей в обучении взрослых иностранным языкам. В статье представлены положения и выводы некоторых авторов, которые за последние несколько лет поднимают вопрос о необходимости изучения когнитивных стилей, их влияния на процессы преподавания и обучения. Это приводит нас к выводу, что состояние проблемы актуально и

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ БАЯНДАМАЛАР ПЛЕНАРНЫЕ ДОКЛАДЫ

<i>Әбіл Е. А., Университеты и их влияние на развитие регионов.....</i>	3
<i>Бережнова Е. В., Принцип информатизации образования: долгий путь научного обоснования.....</i>	6
<i>Оспанов С., «Рабғұзи қиссалары» және Ы. Алтынсарин.....</i>	10
<i>Онищенко Е.А., Координация управления взаимодействием педагогов опорных школ с целью развития исследовательских навыков учителей.....</i>	13

СЕКЦИЯ 1. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАСЫМ ОЙЛАРЫ КОНТЕКСТІНДЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ

СЕКЦИЯ 1. АКТУАЛЬНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КОНТЕКСТЕ ПРИОРИТЕТНЫХ ИДЕЙ «РУХАНИ ЖАНҒЫРУ»

<i>Абуталипова А. Б., Салмаганбетова А.К., Рухани жаңғыру – рухани даму кепілі.....</i>	16
<i>Адиятова А. Т., Султангиреева Н. С., «Рухани жаңғыру» – жеке тұлғаға рухани-адамгершілік тәрбие берудің негізі.....</i>	19
<i>Акижанова А. Ж., Ниязбаева Б. Б., Рухани жаңғыру және латын әліпбиіне көшу – болашаққа табысты қадам.....</i>	22
<i>Алгожина Т. Ш., Исакова А. К., Рухани жаңғыру – жас ұрпаққа салынған сара жол.....</i>	25
<i>Альмагамбетова З. А., Роль классного руководителя во внедрении современных тенденций образования программы «рухани жаңғыру».....</i>	28
<i>Арсеева С. Б., Исакова Ш. С., Педагогические идеи и.алтынсаринана уроках русского языка и литературы.....</i>	30
<i>Артёмова Е. М., Роль методологии как концептуальной основы модернизации образования в РК в контексте «рухани жаңғыру».....</i>	35
<i>Ахметов Т. А. Изучая наследие Ибрая Алтынсарина.....</i>	40
<i>Балгабаева Г. З., Байжанова С. А., «Рухани жаңғыру» басым идеялары негізінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	43
<i>Балжанова А. М., К вопросу о воспитании патриотизма современной казахстанской молодежи.....</i>	46
<i>Бейбитқызы Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің бағыттары.....</i>	50
<i>Бекбосынова Н. С., Современные тенденции образования в РК в контексте «Рухани жаңғыру».....</i>	53
<i>Бектурганова Р. Ч., К вопросу об осмыслении обновления содержания образования.....</i>	58

<i>Берденова А. С., «Воспитательный потенциал социума в формировании активной позиции личности: сохранение духовно-нравственных ценностей, интереса и уважения к истории, культуре и традициям родного края».....</i>	61
<i>Борамбаева А. Б., Изделева Г. А., Нурканова А. Т., «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жүзеге асыру жолдары.....</i>	64
<i>Виниченко О. В., Шатских А. А., Синнер Т. А., Воспитание толерантности у младших школьников, как одно из приоритетных направлений в рамках программы «Рухани жаңғыру»</i>	67
<i>Даумова Б. Б., К вопросу о формировании этнотолерантных качеств молодежи в контексте « рухани жаңғыру»</i>	70
<i>Должикова И. И., The theoretical aspects of integration natural-mathematical cycle and english.....</i>	75
<i>Досмухамедова Р. К., Реализация общенациональной идеи «Рухани жаңғыру» на уроках географии и краеведения.....</i>	78
<i>Жанабаева А. Т., Творчество – высшая форма активности педагога и учащихся.....</i>	82
<i>Жургумбаева А. А., Рухани жаңғыру – жаңартылған білім беру мазмұны білімнің жаңа сапасының кепілі</i>	85
<i>Журкубаева Г. Т., Краеведение, как фактор развития исследовательской деятельности.....</i>	88
<i>Игисенова У. С., Михеева М. В., Соболева Н. В., Актуальные направления современного образования в контексте приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....</i>	91
<i>Исетова Б. К., «Военно – патриотическое воспитание и реализация идейной платформы «Рухани жаңғыру» на уроках математики» (на примере историко-краеведческого материала г.Костаная).....</i>	95
<i>Ишмухамбетова Б. М., Применение многоязычия в современной образовательной системе.....</i>	99
<i>Кабылдина А. Т., Шакиржанова Ж. М., Копбаева А. Г., «Рухани жаңғыру» басым ойлары контекстінде заманауи білім берудің өзекті бағыттары.....</i>	102
<i>Кажохметова Д. Б., Тусова А. Ж., Курмангалиева А. А., Оқушылардың оқу белсенділігін арттырудағы топтық жұмыстың тиімділігі.....</i>	106
<i>Калимарданова Г. Д., Серикова Л. С., Бегманова К. Д., Тұлғаның өмірлік тәлімі-жаңа ұрпақты рухани және патриоттық тәрбиелеудің негізі.....</i>	110
<i>Караичев Д. И., Формирование финансовой грамотности старших школьников через программу дополнительного образования бизнес-клуб.</i>	113
<i>Кенжегалиева С. К., Мектеп мұражайы: білім мен тәрбие берудің бір бағыты.....</i>	117
<i>Кожубаева А. Ж., История развития и своеобразие прикладного искусства казахского народа на примере ковроткачества.....</i>	122
<i>Курманова А. А., Бекбаева С. Т., Утенова З. Т., Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңа білім беру жүйесі.....</i>	126
<i>Көшегалина А. М., Ыбырай Алтынсариннің ағарту – педагогикалық мұраларын қазіргі кездегі білім саласында қолдану.....</i>	128
<i>Қайырбек А. К., Тьютор - как элемент педагогической деятельности.....</i>	132
<i>Леванова Т. А., Тьюторское сопровождение профессионального самоопределения обучающихся в условиях общеобразовательной школы.....</i>	134
<i>Мельникова Т. В., Мехова А. И., Булатова Р. Г., Современные тенденции развития начального общего образования в рамках программы «Рухани жаңғыру».....</i>	138
<i>Миничкина С. Б., Творческое и духовное развитие учащихся в студии эстрадного вокала «солнышко».....</i>	142
<i>Мухамбетжанова З. С., Колдасбаева Е. Д., Білімнің салтанат құруы рухани жаңғыру болашаққа бастар жол.....</i>	144

<i>Мухамедкалиева Б. М., Карибаева Г. Т., Байсаматова Ж. М., Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында «рухани жаңғыру» бағыттарын іске асыру жолдары.....</i>	149
<i>Мырзағалиева К. М., Абдрашева А. Қ., Ы.Алтынсарин мен Я. П. Яковлев.....</i>	152
<i>Нұрмұхаметова Қ.Т. Ұлттық құндылықтың негізі – рухани жаңғыру кепілі.....</i>	156
<i>Нуркина Б.Ә., Дүйсембаева Г.Т., Ибраева М.Д., Білім беру саласында дара ұстаздың рөлі.....</i>	160
<i>Нурмуратова К. А., Функциональная грамотность как основа развития гармонической личности в современных условиях.....</i>	163
<i>Орынбаева Ж. Т., Орынбаева Г. Т., Жусупова Л. А., «Рухани жаңғыру» бағдарламасының идеяларын әдебиеттік оқу және дүниетану пәндерін кіріктіру арқылы жүзеге асыру.....</i>	168
<i>Оспанұлы С., Мырзағалиева К. М., Ыбырай шындыққа жүгінген.....</i>	171
<i>Оташева С. Қ., Ақпараттық технологияларды білім беру үрдісінде қолдану заман талабы.....</i>	176
<i>Отынбаев Д., Мұғалімнің мәртебесі туралы.....</i>	179
<i>Пестрецова О. Г., Формирование основ функциональной грамотности через интеграцию элементарных экономических знаний в содержание предметов начальных классов в рамках реализации программы «рухани жаңғыру».....</i>	182
<i>Петрушка А. Ю., Смаглий Т. И., Временная компетентность и ее роль в профессиональной деятельности педагога.....</i>	187
<i>Ташенова Р. Т., Хамзина Г. З., Современная система образования через призму приоритетных идей «Рухани жаңғыру».....</i>	191
<i>Рихтер О. А., Роль учителя истории Казахстана в процессе модернизации сознания и формирования гражданских компетенций будущих специалистов.....</i>	194
<i>Салимжанова Э. Ж., Ильясова А. Т., Нургожина А. С., Өскелең ұрпақтың бойында рухани құндылықтарды қалыптастырудың негізгі шарты – педагог шеберлігі.....</i>	199
<i>Сейітқазы П. Б., Серикбаева Н. Б., Рахимғалиева П. С., Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби іс-әрекетке даярлаудың педагогикалық шарттары.....</i>	202
<i>Смаглий Т. И., Силенко Е. А., Когнитивный стиль и проблема изучения иностранных языков.....</i>	207
<i>Смашова С. Ж., Қазақ тілін екінші тіл ретінде (орыс тілді сыныптары үшін) оқытудағы сөйлеу әрекетінің бірі – айтылым дағдысының ролі.....</i>	211
<i>Сүлейменова Ж. Т., Ақпараттық мәдениет түсінігінің мәні мен мазмұны.....</i>	214
<i>Танатканова С. С., Бутагарина А. И., Қонысбаева Р. С., Ыбырай Алтынсариннің балаларға арналған шығармаларының тәрбиелік мәні.....</i>	217
<i>Түлебаева К. Т., Дене тәрбиесіндегі жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыру.....</i>	221
<i>Торғаева Г. А., Маркина З. Б., Кельдибаева Б. А., Ыбырай Алтынсарин өлеңдерінің ұлы ақындар шығармаларымен үндесуі Рухани жаңғыру бағдарламасының бүгінгі таңдағы өзектілігін арттыра түседі.....</i>	225
<i>Халыкова Г. А., Каппасова Ш. Е., Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына енгізген өзгерістері.....</i>	228
<i>Хамзина К. Б., Ерекин А. М., Тағылымды тәрбие мен терең білімдегі жаңа мүмкіндіктер.....</i>	233
<i>Хамзина К. Б., Жаппар А. С., Рухани жаңғыру – білім саласындағы маңызды бетбұрыс.....</i>	237
<i>Шарипова Д. С., Краеведение как фактор патриотического воспитания учащихся.....</i>	240
<i>Шалгимбекова А.Б., Ермаганбетова А.Ж., Сәбитбек Ж.К., Адамзат ұрпағымен мың жасайды.....</i>	243
<i>Шалгимбекова А.Б., Салыкова Ә. Д., Жаңартылған білім мазмұны – жанашылдыққа бастама.....</i>	248